

**Екінші деңгейдегі банктердің жылдық қаржылық есебінің тізбесі, нысандары, мерзімдері және ұсыну мен жариялау тәртібі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 14 ақпандағы N 25 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 17 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3499. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) қаулысымен*

---

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54 және 55-баптарына, "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еншілес ұйымы жоқ екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - банктер) жыл сайын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) осы қаулының 2-тармағына сәйкес жасалған, аудиторлық ұйым растаған шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есепті берсін.

Еншілес ұйымы бар банктер жыл сайын уәкілетті мемлекеттік органға осы қаулының 2-тармағына сәйкес жасалған, шоғырландырылмаған және шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті берсін.

Банк шоғырландырылмаған және шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті берген кезде аудиторлық ұйымның растауы тек шоғырландырылған жылдық қаржылық есеп үшін ғана талап етіледі.

2. Жылдық қаржылық есепке мыналар кіреді:

1) осы қаулының 1-қосымшасында белгіленген 1-нысан бойынша жасалған, шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) бухгалтерлік баланс;

2) осы қаулының 2-қосымшасында белгіленген 2-нысан бойынша жасалған, кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) есеп;

3) осы қаулының 3-қосымшасында белгіленген 3-нысан бойынша жасалған, ақша қозғалысы туралы шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) есеп;

4) осы қаулының 4-қосымшасында белгіленген 4-нысан бойынша жасалған, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) есеп;

5) шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепке түсіндірме жазба.

Банктер шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепті және аудиторлық қорытындыны есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсынады.

Банктер шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепке және аудиторлық қорытындыға толықтыру ретінде есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде банктегі тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуын бағалау жөнінде аудиторлық ұйымға есеп ұсынуы қажет.

*Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 94 қаулысымен.*

3. Банктер:

1) шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепті уәкілетті мемлекеттік органға электрондық тасымалдауышта және қағазға басып ұсынуды қамтамасыз етсін;

2) еншілес ұйымдары бар банктер еншілес ұйымдарының жылдық қаржылық есебінің жұмыс кестелерін және тиісті нысандарын ұсынуды қамтамасыз етсін;

3) есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде аудиторлық ұйым растаған бухгалтерлік баланстың және кірістер мен шығыстар туралы есептің шоғырландырылмаған нысандарын, ал еншілес ұйымдары бар банктер - аудиторлық ұйым растаған бухгалтерлік баланстың және кірістер мен шығыстар туралы есептің шоғырландырылған нысандарын жарияласын;

4) есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырына дейінгі мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға осы тармақтың 3) тармақшасының орындалуы туралы мәліметтер ұсынсын.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

5. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігіне және банктерге жіберсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

" К е л і с і л д і "

Қазақстан Республикасының Қаржы  
рыногын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігінің  
Төрағасы \_\_\_\_\_

2005 жылғы 17 ақпандағы

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2005 жылғы 14 ақпандағы N 25

қаулысына 1-қосымша

1-нысан

( б а н к т і ң   а т а у ы )

**200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша  
бухгалтерлік балансы**

(мың Қазақстандық теңгемен)

Баптардың атауы	Ескерту	есепті жылдың соңында	өткен жылдың соңында
1	2	3	4
Активтер			
Ұлттық (орталық) банктердегі касса және қалдықтар	1		
Тазартылған қымбат металдар	2		
Сауда бағалы қағаздары (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде)	3		
Кері РЕПО шарты бойынша бағалы қағаздар	4		
Туынды қаржы құралдары	5		
Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар және салымдар (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде)	6		

Басқа банктерге берілген заемдар және қаржылық жалдау (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде)	7		
Клиенттерге берілген заемдар (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде)	8		
Бағалы қағаздарға ақша салымдары (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде)	9		
Капиталға инвестициялар және реттелген борыш	10		
Мерзімі ұзартылған салықтық талап	11		
Негізгі құрал-жабдықтар (амортизацияны шегергенде)	12		
Материалдық емес активтер (амортизацияны шегергенде)	13		
Басқа да активтер (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде)	14		
Активтердің жиынтығы:			
Міндеттемелер			
Банктердің корреспонденттік шоттары және салымдары	15		
РЕПО келісімдері бойынша сатылған бағалы қағаздар	16		
Туынды қаржы құралдары	17		
Клиенттердің банктік шоттары және салымдары	18		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	19		
Банктер алдындағы берешек	20		
Басқа да тартылған қаражат	21		
Реттелген борыш	22		
Салықтық міндеттемелер	23		
Мерзімі ұзартылған салықтық міндеттеме	24		
Басқа да міндеттемелер	25		
Төленетін дивидендтер	26		
Міндеттемелер жиынтығы:			

Азшылық үлесі			
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	28		
оның ішінде:			
жай акциялар	29		
артықшылықты акциялар	30		
Эмиссиялық кіріс	31		
Алынған капитал	32		
Резервтік капитал	33		
Басқа да резервтер	34		
Кезеңдегі таза пайда (шығын)	35		
Капитал жиынтығы:			
Меншікті капитал және міндеттемелер жиынтығы:			

2-бағанда қаржылық есепке түсіндірме жазбада көрсетілген баптар бойынша ескертулердің нөмірлері көрсетіледі

"Азшылық үлесі" бабы шоғырландырылған қаржылық есепті жасау кезінде толтырылады

Бірінші басшы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2005 жылғы 14 ақпандағы N 25

қаулысына 2-қосымша

2-нысан

-----  
( б а н к т і ң а т а у ы )

**200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша  
кірістер мен шығыстар туралы есебі  
(мың Қазақстандық теңгемен)**

--	--	--	--

Баптардың атауы	Ескерту	есепті жылда	өткен жылда
1	2	3	4
<b>Пайыздық кірістер</b>			
корреспонденттік шоттар және орналастырылған салымдар бойынша	1		
банктерге берілген заемдар және қаржылық жалдау бойынша	2		
клиенттерге берілген заемдар бойынша	3		
бағалы қағаздар бойынша	4		
РЕПО операциялары бойынша	5		
басқа да пайыздық кірістер	6		
<b>Пайыздық шығыстар</b>			
клиенттердің шоттары бойынша	7		
корреспонденттік шоттар және банктерден тартылған салымдар бойынша	8		
банктерден алынған заемдар бойынша	9		
шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша	10		
реттелген борыш бойынша	11		
басқа да пайыздық шығыстар	12		
Заемдар бойынша шығындарға арналған резервтер қалыптастырылғанға дейінгі таза пайыздық кіріс			
Заемдар бойынша шығындарға арналған резервтер қалыптастыру	13		
<b>Таза пайыздық кіріс</b>			
Алынған дивидендтер	14		
Қызмет көрсету бойынша кірістер және алынған комиссиялар	15		
Қызмет көрсету бойынша шығыстар және алынған комиссиялар	16		
Бағалы қағаздарды сатып алудан/ сатудан кірістер (шығындар) (нетто)	17		
	18		

Сауда бағалы қағаздары және сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен кірістер (шығындар) (нетто)			
Шетел валютасымен операциялар бойынша кірістер (шығындар) (нетто)	19		
Шетел валютасында көрсетілген қаржылық активтерді қайта бағалаудан кірістер (шығындар) (нетто)	20		
Қауымдасқан ұйымдарға қатысуға байланысты кірістер	21		
Басқа да кірістер	22		
Сыйақы алуға байланысты емес таза кіріс (шығындар) (нетто)			
Операция шығыстары	23		
оның ішінде:			
еңбекке ақы төлеу және іссапар шығыстары	24		
амортизациялық аударымдар және тозу	25		
корпоративтік табыс салығын қоспағанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстар	26		
Басқа да шығыстар	27		
Операциялық пайда			
Басқа да операциялар бойынша шығындарға арналған резервтерді қалыптастыру	28		
Салық салынғанға дейінгі пайда және азшылық үлестері			
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	29		
Азшылық үлесі шегерілгенге дейінгі таза пайда			
Азшылық үлесі	30		

Таза пайданың (шығынның) жиынтығы

2-бағанда қаржылық есепке түсіндірме жазбада көрсетілген баптар бойынша ескертулердің нөмірлері көрсетіледі

"Азшылық үлесі" бабы шоғырландырылған қаржылық есепті жасау кезінде т о л т ы р ы л а д ы

Бірінші басшы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2005 жылғы 14 ақпан N 25

қаулысына 3-қосымша

3-нысан

( б а н к т і ң а т а у ы )

**200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша  
ақша қозғалысы туралы есебі (жанама әдіс)  
(мың Қазақстандық теңгемен)**

Баптардың атауы	Ескерту	есепті жылда	өткен жылда
1	2	3	4
Салық салынғанға және азшылық үлесі шегерілгенге дейінгі пайда	1		
Ақшалай емес операция баптарына түзетулер:			
амортизациялық аудару және тозу	2		
ықтимал ысыраққа арналған резервтер бойынша шығыстар	3		
қаржылық актив құнының өзгеруінен жұмсалмаған кірістер мен шығыстар	4		
алатын сыйақы түріндегі есептелген кірістер	5		
сыйақы төлеу шығыстары	6		
ақшалай емес баптарға басқа да түзетулер	7		
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық кіріс (шығын)			
Операциялық активтердегі (ұлғаю) азаю:			
	8		



Үш айдан көп өтеу мерзімімен орналастырылған салымдардың (ұлғаюы) азаюы			
Берілген заемдардың және қаржылық жалдаудың (ұлғаюы) азаюы	9		
Сауда бағалы қағаздарының және сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздардың (ұлғаюы) азаюы	10		
"Кері РЕПО" операцияларының (ұлғаюы) азаюы	11		
Клиенттерге қойылған талаптардың (ұлғаюы) азаюы	12		
Дивидендтердің (ұлғаюы) азаюы	13		
Басқа да активтердің (ұлғаюы) азаюы	14		
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы):			
Үш айдан көп өтеу мерзімімен тартылған салымдардың (ұлғаюы) азаюы	14		
"РЕПО" операцияларының ұлғаюы (азаюы)	15		
Басқа да міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы)	16		
Операциялық қызметтен ақшаның ұлғаюы (азаюы)			
Пайдаға салынған, төленген салық	18		
Операциялық қызметтен ақшаның салық салынғаннан кейінгі ұлғаю (азаю) жиынтығы			
Инвестициялық қызметке байланысты ақша түсімдері мен төлемдер			
Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздарды сатып алу (сату)	16		
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алу (сату)	20		
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар	21		
Басқа да түсімдер мен төлемдер	23		
Инвестициялық қызметтен ақшаның ұлғаю (азаю) жиынтығы			
Қаржылық қызметке байланысты ақша түсімдері мен төлемдер			
Акциялар шығару	24		



Есепті кезең басындағы сальдо							
Есеп саясатындағы өзгерістер және түбірлі қателерді түзету							
Есепті кезең басында қайта саналған сальдо							
Есепті кезеңде қосымша шығарылған (сатып алынған) меншікті акциялар							
Дивидендтер							
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау							
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруі							
Кезеңдегі таза пайда (шығын)							
Ішкі аударымдар							
резервтік капиталды қалыптастыру							
негізгі құрал-жабдықтардың жинақталған қайта бағалаудың өзгеруі							
Басқа да операциялар							
Есепті кезең соңындағы сальдо							

Бірінші басшы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК